

отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санасынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көрінетінінде.

Шәмшидің күйеуі келгенге жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары **атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары** күнге шағылысып, құйымшағын соғып, қызылды-жасылды, **оқалы, зерлі тақиялардың шокпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қос етектері күлкілдеп**, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде, Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай, сырғанап өте шығады да, көрмегенсіп, қырын қарап кетеді [4,267]. Мысалда берілген матаның түрлері де қазақтың қыз-келіншектері талғаммен киініп, ұлттық салт-дәстүрді сақтағанын байқатады. Зергерлік бұйымдарды да орнымен қолданып, материалдық мәдениет ұлт тілінде көрініс берген. Ұлттық мәдениетімізді танытатын киім атаулары, зергерлік бұйымдардың қолданысынан тілдік атаулардың этномәдени фоны анық көрініс береді.

Сонымен қатар шығармада қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты этноатаулар да қолданылып, ұлттық болмысты аша түседі. Мысалы: Қатындар қалыңдықты ортаға алып, оң жаққа шымылдық құрып: **«Шымылдық құрар», «қол ұстатар», «шаш сипар», «төсек салар», «етік шешер», «ірге тебер», «көрпе қимылдатар» кәделерін**, «жол менікі, сенің жолың анау, жолы біткен» десіп, керілдесіп, керісіп, таласа-тармаса бір жапырақтан жырымдап алысуға, оның артын ала жаздай өсекке, пыш-пышқа, араздыққа айналдыруға байдың үйіне қарай ентелесті [4, 281]. Жоғарыда берілген сөйлемде қазақ әдет-ғұрпындағы жөн-жоралғылардың түрлері беріліп, ұлттың мәдениетінен ақпарат береді. Тағы да мысал келтіретін болсақ: Мұсатай, Әйткен сияқты бозбалалар да керіліп, ырғалдап, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі көшті ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты **«ұйқы ашарға», «аударысқа», «көкпарға»** айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмей қалды [4, 281]. Ұлттық ойын түрлері де кездесіп, ойындарды да барынша талғаммен ойнағанын байқатады және ұлттың танымын аңғарамыз.

Тілдегі этнолексика ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің негізін құрайды. Көркем шығармада қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи- мәдени және этнолингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды айқындай түсетін, этноақпаратты көрсететін тілдік материалдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісов Е. Этнолингвистика \ Ана тілі. -№ 3. 1994,-4 б.
2. Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. -356 б.
3. Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері \ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы.-Алматы, 1997. -235 б.
4. Аймауытов. Ж. Ақбілек (роман, повесть, әңгіме). – Астана, 1998.-325 б.

Қалиев Бектұрсын Аманкүлұлы

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Мирамқұл Д.А.,

филология факультеті КИ-22-22 тобының студенті

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

kaliev-69@mail.ru

ИНТЕРНЕТ-ҚОҒАМДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАТЕ СӨЗ ҚОЛДАНЫСЫ

Әр халықтың, этностың ең негізгі құндылығы – ана тілі. Туған тіл – жалпыхалықтың сыртқы, ішкі ұлттық құндылығының көрсеткіші және айнасы. Тілдің қалыптасуы, даму алғышарты тұтастай ұлттың мүддесінен бастап, қазіргі жаһандық аренада алатын географиялық, аймақтық, экономикалық семаның бірегейі екені анық. Ұлы ойшыл, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған тілімізге «ана тілі» терминін ұсынғанын білеміз. Бұл – ғалымның қадір-қасиеті ана сүтімен, әке тәрбиесімен дарыған ана тіліміздің шексіз мүмкіндігін баршаға мойындату еді. Алайда ана тілінің қадір-қасиетін кешегі кеңес

заманынан күні бүгінге дейін дұрыс бағалай алмай келе жатқан қазақ баласы бар екенін де жоққа шығара алмаймыз. Ғасырлар бойы мың өліп, мың тірілген қазақ халқы түрлі зобалаң саясаттан бастап, ұлттық болмысын, құндылығын, тілін, ділін жоюға тырысқан миссионерлермен де арпалысып бақты. Қандай қиын әрі ауыр кезең болсын, ұлтымыздың бірегейлігін, тұтастығын қашанда сақтап қалған ана тіліміз – қазақ тілі болды. Егер де ұлт тілі – қазақ тілін кешегі қызыл империя атанған азулы аждаһаның апаны жұтып жібергенде, біздің бүгінде егемен ел, тәуелсіз мемлекет болуымыз неғайбыл еді. Сондықтан әрбір қазақ перзенті бабаларымыздың саф алтындай сақтап, бүгінгі ұрпағына мирас етіп жарқыратып жеткізген қасиетті ана тіліміз үшін мәңгілік қарыздар. Өзін қазақпын деп есептейтін кез келген тұлға қай кезде болсын, ата-бабамыздың аманат етіп қалдырған ана тіліне қиянат жасамай, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, әрі қарай дами түсуіне мүмкіндік туғызып, ат салысуы тиіс.

Бүгінде фонетика, лексика, грамматика салалары қарқынды түрде дамыған қазақ тілі мемлекетіміздің саяси, ғылыми, көркем әдебиет, публицистика тілі, күнделікті БАҚ хабарында ғана емес, жалпыхалықтық сипатқа ие болып, қолданыс аясы кең ауқымды қамтитын ұлттық тіліне айналып отыр. Ана тіліміздің мәртебесінің өсуі мен дамуын қазақ тіл білімі тұрғысынан ғана емес, жалпы түркология ғылымы тұрғысынан алып қарағанда, жарияланып жатқан ғылыми еңбектерінің саны жағынан болсын, тілді оқытып-үйретуде жаңа әдісті қолдану, ғылыми проблеманы шешу, мамандар даярлау жағынан болсын, әлемдік түркологияда көш басына шықты [1; 5-7].

Тілдің грамматикалық құрылысы тіл деңгейінің көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да күрделі әрі ауқымды екені даусыз, өйткені тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі өзіндік ерекшелігі, атқаратын қызметіндегі сан алуан жүгі, даму барысындағы диалектикалық заңы, барлығы дерлік тілдің грамматикалық құрылысынан анық көрінеді. Тілдің грамматикалық құрылысының ең негізгі ұғымы – грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сөз бен оның мағынасына, құрылымына айтарлықтай маңызы бар [2, 6-8].

Бүгінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігі толығымен көркем туынды, ғылыми басылым, түрлі жобада ғана тілдік нормаға сай қолданылуда десек, артық айтқандық емес. Алайда күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде болсын, түрлі әлеуметтік желіде болсын, диктофонды басып дыбыстап сөйлеумен қатар, жазу тілінде де қазақ тілінің грамматикалық нормасын сақтамай, барлық тілдік заңдылықты белден басып, бұрмалап сөйлеу, тілді қойыртпақ сөздермен шұбарлау күн сайын қарқын алып барады.

Оның басты себебі – 70 жыл бізді отарлап өз әмірін жүргізген Ресейден тәуелсіздігін алған ұлттың бойындағы жалтақтық, құлдық психология немесе ана тіліне деген немқұрайлылық па екен? Мүмкін, орыс тілінің мемлекеттік тіл – қазақ тілімен ресми түрде қатар қолданылуы тиіс деген қағиданың да ықпалы бар шығар. Қазір қарапайым қазақ баласының сөйлеу әдебі толығымен орыс тілінде немесе соған сәйкес орыс тіліндегі сөздердің қазақшаға аударылымымен қатар жүреді.

Нақтырақ айтқанда, сөздердің калька жолымен тікелей аударылып жұмсалуды. Яғни біз бүгінде калькалық ассимиляцияға ұшырап келеміз. Бұл – қарапайым тұрмыста, интернет-қоғамдағы қазақ тілінің ерекшелігінде үлкен өзгеріс алып келді. Орыс тілінен сөзбе-сөз аудару кеселінен тілдің қолданыс аясын тұншықтыратын, тіпті түсінуге қиын, орашалақ оралымдардан құтыла алмай келеміз. Оны қарапайым тұрмыс-тіршіліктен, сондай-ақ әлеуметтік желіден көп кезіктіреміз. Мысалы, қазір көп адам «керек», «қажет», «мүмкін» секілді модаль сөздерді дұрыс қолданбайды: «айту керекпін», «бару қажетпін», «көру мүмкінсін» т.б. Дұрысы – «айтуым керек», «баруым қажет», «көруім мүмкін» болуы тиіс. Модаль сөздер жеке сөз табы болғаннан кейін субстантивтеніп, жіктелмейді. Сондықтан оған жіктік жалғауын артық жалғап, қате жазып, сөйлеудің қажет емес. Сондай-ақ «барлықтарыңыз», «бәрілеріңіз», «баршаларыңыз» деген жалпылау есімдіктері де көптік жалғауымен жазылып әрі айтылып жүр. «Барша, барлық, бәрі» сөздері аты айтып тұрғандай, жалпылау есімдігі болғандықтан, заттың, нәрсенің көптік ұғымын білдіреді. Оған мән

бермегендіктен де осындай сөздерге артық жалғау жалғап жазып та, айтып та жатамыз. Жоғарыда келтірілген мысалдар бірқатар сөздің грамматикалық тұрғыдан қате жұмсалғанын көрсетеді.

Негізі, әлеуметтік желіде отыратын көп адамның сауатты жазуына жауапкершілігі тым азайып азайып бара жатыр. Әсіресе мұны бүгінгі жас буыннан байқауға болады. Электронды түрде өзара хат алмасу үдерісінде диалогтағы сөздері мен сөз тіркесі, сөйлемі грамматикалық, стилдік қатеден басталып, пунктуациялық қатемен аяқталады. Тіпті, орысша сөздермен жалғап қысқартып жазуы да «танымал» жазу үрдісіне айналып барады. Тіл орашолоқтығына байланысты тағы бір кемшілік адамдардың есту, тыңдау қабілетіне де қатысты болады. Бұны ғылымда «перцепция» деп айтамыз. Адам сөздерді қалай естиді, солай жазады. Бұл жерде орфография мен орфоэпияның рөлі бар. Мысалы, «күйеу» сөзінің дұрыс айтылымы – «күйөу» болуы тиіс, бірақ жазбаша қолданыста «күеу» деп жазып жүргендер аз емес. Дәл солай «бара аласың ба?» сөз тіркесі сөйлеу тілінде элизия құбылысына сай «бараласың ба?» болып дыбысталуы тиіс. Сөз әдебін сақтап айту дұрыс, әрине. Алайда бұл – сөз немесе сөйлемді қалай дыбыстаймыз, дәл солай жазамыз деген сөз емес.

Дыбыстардың өзара орын алмасуы, дыбыстың түсіріліп не қосылып айтылуы, буынның ықшамдалып айтылуы – ауызекі сөйлеу тіліндегі қалыпты, үндесім заңына сай орныққан құбылыс. Тек сол заңдылықты жазба әдебиетімен шатастырып жазатындар аз емес. Сауатты жазу – әрбір адамның парызы. Егер адам қалай болса солай қатемен жаза беруге машықтанып алса, онда ол үлкен сауатсыздыққа алып келеді. Қазірде жастар арасында н мен ң дыбыстарын ажырата алмау көбеюде. Себебі олар әу баста екі түрлі дыбыстың қалай таңбаланып жазылуына нақты мән бермегендіктен, осылай қате жазуды машықтандырып алған. Егер де олар сол дыбыстардың жазылуын өздерінің арасындағы хат алмасудан байқайтын болса, немесе құлақ салып мұқият тыңдаса, көзі де, қолы да дұрыс жазуға үйреніп, ажырата алатыны ақиқат.

Бүгінгі БАҚ, түрлі әлеуметтік желідегі қарым-қатынас тілінде сөздер мен сөз тіркесін қолдануда негізінен мынадай грамматикалық, стилдік қателікті байқаймыз:

- орыс тілінен сөзбе-сөз, яғни жолма-жол аудару барысында (оны ғылымда калька немесе калькалау тәсілі дейді) мағынаның «бұзылуы» («*Жарылыс нәтижесінде бес адам дереу өліп кетті*» (стилдік қате); «*суық соғыс*» - (дұрысы: «қырғи қабақ соғыс»);

- қазақ тілінде ғасырлар бойы әбден орнығып қалыптасқан тілдік оралымдарды бұзып, өзгертіп қолдануға әуестенушілік («*ары тартсаң арба сынады, бері тартсаң өгіз өледі*» деп үндестігімен үйлесім тапқан тамаша қанатты сөзді «*былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі*» деп бұрмалау жұмсау);

- ауызекі сөйлеу тілінің элементтері болып табылатын жаргон, диалектизм, варваризм, орыс тілді, ағылшын тілді сленгті қолдану («*е-мое*», «*ешкин свет*», «*круто*». «*супер*», «*вааау*», «*оу шетел*», «*хот-хот*», «*тренд*», «*випказашка*», «*рек*», «*чек*», «*афигенно*» (керемет, тамаша), «*кринж*» (ұят), «*ауф*» (керемет), «*жизаа*» (өмірлі), «*ништяк*» (ничего себе), «*слив*», «*рофл*» (әзіл) т.б.; «*Сенің видеоң маған рекке шықты гой*», «*Бүгін сабаққа кел, кеше шыққан трендті түсіріп тастайық*», «*Вааау, випказашкачееееек болып тұрсың*» (байдың қызындай әдемі болып тұрсың деген мағынада айтылған сөз; *мамбет* (артта қалған адам), *гламурно* (сәнді), «*Вооообще жоқ қо!*», «*Ол супермен гой*», «*Гламурно все таки, ия*», «*Мен саған звооондаған едим жоксин гой*», «*Конешно мен ренжимин саған*», «*Ойланышы осыған дурыстап*» т.б.).

- ең басты мәселенің бірі – сауатсыздық. Түрлі желідегі жазбаны оқи отырып кейбір адамның қарапайым сөздердің өзін де сауатты жаза алмайтынына қатты қынжыласың. Мәселен, «Менде сізді ұнатамын», «Сендеде жоқ қой ол», «Бізгеде айта салшы», «Сендерменде, оларменде бармаймын» т.б. асты сызылған сөздердегі де шылауы бөлек жазылуы тиіс.

- қазақ тіліне тән **ә, ы, і, ұ, ү, ө, қ, з, ң** секілді төл әріптерді де сирек қолдану жиілеп барады: «салем», «калайсын?», «озин?», «не жаналық?», «нестеп жатсын?», «жаксы», «кайдасын?» т.б.

- қарым-қатынас тілінде сөз тіркестерін жөн-жосықсыз қысқартып қолдану: «не істеп жатсың?», «не істеп?», «не жасап жатсын?», «не истеватсын?», «не иств?», «слм» – салем, «нест?», «не істеп жатрсың?», «не хаб» – не хабарың бар?, «откан сол» немесе «отрм озн» т.б.

- орыс тілі сөздерімен тіркестіріп, яғни **гибрид тіркес** жасау арқылы тіл шұбарлау: «батан зой» (оқымысты адам), «тормозы ұстау», «забисать ету» (бөгеліп қалу), «базар жоқ» (таңғалғанда айтылатын сөз, келіскенді білдіру), «құлаққа лапша ілу», «құлақтан тебу» (өтірік айту), «маяк тастау», «крышасы бар адам» (қолдау көрсететін адамы бар), «көзбен ату» (қадала қарау), «потеря болу» (қобалжу), «суцияк ішу» (сусын ішу), «қораға кірт» (тығырыққа тірелу), «лақтырып кетті», «отырғызып кетті», «қоянның суретін салып кетті» (алдап кетті), «лайк басып тұр», «онлайн эфирге шық», «игнорға тығып таста», «блокка түсіп қалмасын», «видеозвонок жаса», «қанша подписчигі бар?», «поделиться етши», «репост жаса скриндап жібер» және т.б.

Сөзімізді қысқаша түйіндегенде, әлеуметтік желіні қолданушының көбі грамматикалық категе бейім екені белгілі. Біздің пікірімізше, оның алдын алу жолдары бар. Адам сауатты жазуды мектеп қабырғасынан үйренеді емес пе? Демек, мектеп бағдарламасындағы бейіндік пәндерге көбірек зейін салып, балаға сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға ерекше ден қою қажет. Ештеңе білмей, ой түймей шыққан баланың сауатты жазуы екіталай. Жаңартылған білім беру бағдарламасы дендеп енгелі оқулықтардың қалыңдығы сияқты балалардың грамматикалық барлық ережені біліп, санаға түюі де жұқарып бара жатыр. Оған қоса, жаһандану салдарынан мектеп оқушылары ұялы телефонға да тәуелді. Бірақ оның да ұтымды тұстарын қарастыруға болады. Мысалы, қарапайым жарнама, жазбаларды қазақ тілінде жүргізу. Халықтың алдында жүрген танымал адамдардың жазбаларын сүзгіден өткізу қазіргі қоғам үшін маңызды. Ол белгілі бір шектеу қою арқылы жүзеге асады. Себебі қарапайым халық сол «танымал» адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен таныса отырып, солардың «тіліне» бейімделеді. Солар секілді сөйлемдерді қысқартуы, қазақша шала сөйлеуі «трендке» айналады. Мұндай жағымсыз жайттың алдын алуға болады. Ғаламтор желісіне тіл жанашырларының тек сапалы контентін салу, оны жарнамалай білу, халыққа жеткізу маңызды. Қырғыздың әлемге әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді», – деген екен. Егер біз Қазақ елінің «Мәңгілік ел» болуын қаласақ, ана тіліміздің мәңгілік жасауына бар мүмкіндігімізді пайдаланып, өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 180 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

Абдрахманов Рүстем Хасенұлы

«Bolashaq» Академиясы

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, п.ғ.м.,

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

a.rustem1971@gmail.com

АНТОНИМ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Мақалада мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын тұрақты тіркестер - антоним фразеологизмдер жайында сөз қозғалады. Қазақ тіліндегі қарсы мәндес мағынадағы тіркестердің жасалу жолдарының түрлерін атап өтіп, тұрақты тіркестердегі